для определения вопросов, оставшихся без ответа после изучения темы «Национально-освободительное движение под руководством Кенесары Касымова».

Прием «Верите ли вы…» используем при изучении «Общественно-политическая жизнь в республике в 1954-1965 годы».

Ключевые слова используем при изучении темы «Казахстан в период перестройки (1986-1991 годы)».

Эффективно использовать прием «Читаю – думаю» при изучении темы «Социально-экономические изменения в послевоенные годы».

Таблица ЗХУ используется при изучении новой темы, например «Ученые Казахстана и их научные достижения».

Существует множество приемов, главное выбрать тот, который будет интересен в данном классе, при изучении определенной темы:

Заполнение таблиц
Дневник двойной записи
Эффективная лекция
Зигзаг (мозаика)
Поиск в тексте ответов на вопросы
Ответы на вопросы
Последнее слово за мной
Перекрёстная дискуссия
Общая полемика
Десятиминутное сочинение
Выходная карта.

Таким образом, подобная система работы помогает формировать на уроках функциональную грамотность учащихся, развивать основные умения и навыки, воспитывает внутреннюю самооценку, повышает учебную мотивацию учащихся.

**Использованная литература**

1. Халперн Д. Психология критического мышления. СПб.: Питер, 2000.
2. «Типовая учебная программа по учебному предмету «История Казахстана» для 5-9 классов уровня основного среднего образования по обновленному содержанию», 2019.

## ТАРИХ ПӘНІНЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫ ЖҮЙЕЛІ ОЛАУҒА ҮЙРЕТУ

**Жамангарина Э.А.**
№82 ЖББМ тарих пәні мұғалімі
Қараганды қ, Қазақстан

Қазіргі кезеңде мектептің алдына қойылып отырган басты талаптардың бірі- рухани дүниесі бай, жан-жақты дамыган жеке тұлга тәрбиелеу. Баланың шыгармашылық қабілетін дамытудың жолдары, құралдарын анықтау психология мен педагогика гылымдарында өте ертеден зерттелін келеді.

Білім сапасын арттыру мақсатын көздеген оқытушылар заман талабына сай оқушыларды жан-жақты тұлға ретінде дамыта отырып, оқыту үрдісінде педагогикалық жаңа технологияларды пайдалануда. Шығармашыл тұлғаны шығармашылықпен жұмыс істейтін оқытушы ғана қалыптастыра алады.

Чехтың ұлы педагогі Ян Амос Коменский «Ұстаз оқушыға өзінің тәсілдерін үйретуден бұрын алдымен оның бойында білім алуға деген талпынысты оятып алуы қажет. Егер шәкірттің бойында оқуға деген ынта – ықылас оянбаса, онда жүз мұғалім оған төнін тұрса да одан түк шықпайды» деген болатын. Білім, біліктерін оқушылардың зердесіне қалай

Buketov University

ұялатудың ұтымды жолдарын, әдістерін талмай іздеу – әр ұстаздың міндеті. Баланың жасырын, тіпті тым терең жатқан қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау үшін қызығу қабілетін ояту қажет. Мектеп оқушыларының шығармашылық қызығуын қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі. Шығармашылық дегеніміз-адамның өмір шындығында өзін- өзі тануға ұмтылуы, ізденуі.

Шығармашылық іс-әрекет оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына, танымдық біліктердің жетілуіне, өз іс-әрекетіне жауапкершілік, өз болашағына және қоғам өміріндегі құндылықтар мен дұрыс көзқарас ұстанымдарының қалыптасуына мүмкіндік береді.Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал жасау үшін біз олардың дербес ойлануын жандандыра түсуге тиіспіз. Оқушы тарихты «зерттеп үйрену» кезінде оқу материалын «жаттап, қайталай бермей» өткеннің оқиғалары мен адамдарына өзінің көзқарасын білдірсе, өткенмен сұхбат құра отырып оның тәжірибесін өз бойына дарытып іштей нәр алса, оқушы рухани жағынан биіктей түседі.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін шығармашылық ойлауы мен шығармашылық тұрғыда жұмысын дамытуда тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Тапсырмалар оқушыларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ оқушыларды икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады.

Шығармашылық тапсырмалар орындау барысында бала шығармашылық ойлауға бейімделіп қуанышқа бөленеді. Оқу үдерісінде оқушылардың шығармашылық сипаттағы тапсырмаларын жүйелі түрде ұйымдастыру және оны болашақтағы кәсіби бағдарымен сабақтастыра қарастыру мұғалімнің педагогикалық құзіреттілігіне байланысты.

Шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру мынадай кезеңдерден тұрады:

Бірінші кезең. Сергіту.

Бұл кезеңде репродуктивті тапсырмалар беріледі. Оқушы өте ұқыптылықпен әрбір сауалды тыңдап, оған айқын, тез жауап беруі қажет.

Қазақстанда қанша ұлт өкілдері бар?

Қазақстанның қандай астаналары болған?

8+5 орысша қалай айтылады? (Жауабы: он үш)

Жетіні жетіге қосып, оны жетіге бөлсе қанша болады? 7+7:7 (жауабы:2)

Соңғы әрпі «Р»мен аяқталатын айларды атаңдар және олар есеппен санағанда нешінші? (Олар қаңтар, сәуір, мамыр; 1;4;5)

Елдердің есімдері мен астаналарын және оны керісінше анықтаңдар: Бейжін, Финляндия, Мәскеу, Лондон, Қазақстан, Франция, Анкара,Сеул, Жапония, Бағдат, Рим, Бразилия,т.б.

Бұл тапсырмалар балалардың білім дәрежесіне қарап беріледі.

Сандық диктант

Егер оқушы мұғалімнің айтқанын дұрыс деп есептесе, өз парағына «1», егер дұрыс емес болса «0». Мысалы:

Қазақстан – еуразиялық мемлекет.

1916 жылғы Торғай көтерілісінің жетекшісі – Б.Әшекеев.

ҚазЦИК-тің тұңғыш төрағасы- С.Меңдешов.

Ұлы Отан соғысы 1941 жылы 22 маусымда басталды.

«Ленинградтық өренім» жырының авторы- Ж.Жабаев.

Қазақстанда мемлекеттік тіл-қазақ тілі.

Жалпы жауап:10101101

(Торғай көтерілісінің жетекшісі- А.Иманов; алғаш «Алтын адам» Есік қорғанынан, Алматы маңына табылды; Тұңғыш ғарышкер – Ю.Гагарин).

Сауал және тапсырмалар ойлау қабілетін арттыратын санат бойынша берілсе, мысалы:

Кіші жүздің Ресейге қосылған жылының соңғы екі санын атаңдар.

Buketov University

Алғашқы қазақ ханының аты неше әріптен тұрады?

Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы ақынның шын есімі кім?

Абылай хан тағына неше жасында отырған?

Екінші кезең. Оқушының психикалық механизмдерін дамыту. Есте сақтауды машықтандыру білімді ауыстыра алмайды, бірақ білім сапасын көтеруге негіз болады.

1.Көру қабілетін дамыту

Төмендегі сөздерді үш мәрте ұқыптылықпен оқып шығып, есте сақтау керек, дәптерді жауып қойып сауал тапсырмаларын орындаймыз.

Сақ. Көшпенді. Қола.

Геродот. Шырақ. Рабад.

1)Соңғы сөз неше әріптен тұрады?

2)Қанша сөз тек бір буыннан тұрады?

3)Қанша сөз «Қ» әрпімен аяқталады?

4)Кісі есімі нешеу?

5)Бұл сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

2.Есту қабілетін дамытатын тапсырмалар

Тақырыпқа қатысты бірнеше сөзді ауызша айтып шығып, оны сол естіген реті бойынша дәптерлеріне жазғызып шығу.

3.Зейінді дамыту үшін тапсырмалар.

1)Тәуелсіздік шежіресіне анықтама беру

*1-кесте*

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1991.16.12. | 1991.02.10 | 1991.29.08 | 1991. 21.12. |
| 1992. 29.09 | 1993. 28.01 | 1995.30.08 | 1992 . 02 03 |

Жауаптар:

1991 16.12. Қазақстанның тәуелсіздік алған күні.

1991 02. 11 Тұңғыш қазақ космонавты Т.Әубәкіров ғарышқа ұшты.

1991 21. 12. Алматыда ТМД-ның құрылуы жөнінде шешім қабылданды.

1992 29.09. Тұңғыш дүние жүзі қазақтарының құрылтайы өткізілді.

2)Реттік орын бер:

*2-кесте*

| Оқиғалар | Реттік орны |
|---|---|
| КСРО-ның құрылуы | I |
| ТЖМК-ның құрылуы | II |
| Ту мен елтаңбаның бекітілуі | IV |
| Алғашқы әнұранның қабылдануы | V |
| Ішкі істер әскерінің құрылуы | III |

3)Сәйкестендіру тестісі:

| | |
|---|---|
| 1.Патша | а)Ғұндар |
| 2.Гуньмо | ә)Сақтар |
| 3.Хан | б)Оғыздар |
| 4.Гурхан | в)Қарақытай, қидандар |
| 5.Жабғу | г)Қаңлылар, қыпшақтар |
| 6.Қаған | д)Түріктер, түркештер,карлұқтар |
| 7.Шанью | е)Үйсіндер |

Есте сақтау қабілетіне негізделген зейінді тұрақтандыратын, қабілетті арттыратын негізгі тапсырмалардың сабақта көптеп пайдаланылуы, балаларды әрдайым жиынтық әр түрлі қиылыстарға даяр, өзінің қабілетіне сенімді және жалпы білім алуда саналы жоғары дәрежеге жететіндігін көрсетеді.

Buketov University

Шығармашылық тапсырмалар толық өз алдына жұмысты талап етеді. Іздену қызметіне негізделген, ілімге шығармашылық кірісу, жеке тұлғаны қалыптастырып және еліміздің ғылыми әлеуетін жоғары деңгейге көтеретін ұрпақты даярлауға жол ашады.

**Пайдаланған әдебиеттер**

1. С. Әлімқұлова «Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы логикалық тапсырмалардың маңызы» Қазақстан тарихы әдістемелік журналы, № 5 2006 жыл.

2. Д.Айтахунова «Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы логикалық тапсырмалардың маңызы» Жалпы тарих және құқықтану мектепте журналы, №1 2004 жыл.

3. «Қазақ тарихы» әдістемелік журналы №32012 ж

## ОТ МАССОВОЙ СТАНДАРТИЗАЦИИ К МАССОВОЙ УНИКАЛЬНОСТИ – ГЛАВНЫЕ ТРЕНДЫ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ КАЗАХСТАНА

**Зуева Л.И.** к.и.н, доцент
Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова
г. Караганда, Казахстан

Прочитав объявление о том, что Автономная организация образования (АОО) «Назарбаев интеллектуальные школы» в рамках проекта «Образование в новой реальности», посвященного 180-летию со дня рождения выдающегося педагога - просветителя И. Алтынсарина проводит круглый стол на тему «От массовой стандартизации к массовой уникальности: новые требования на рынке труда» мы задались целью, выяснить чем вызвана необходимость объединять столь разные составляющие и связывать всё это с именем И.Алтынсарина? «Образование в новой реальности», «новые требования рынка труда», «стандартизация» и «уникальность», и, наконец, И.Алтынсарин!

Ибрай Алтынсарин – выдающийся просветитель XIX века, этнограф, поэт, прозаик, переводчик. Он любил искусство и талантливых людей, сам играл на домбре и пел. В числе его любимых произведений мировой литературы были стихи Байрона, Гете и Шекспира, поэмы Пушкина и Лермонтова, творения восточных авторов Фирдуоси и Навои. Ибрай высоко ценил ораторское искусство. Его речь всегда была благозвучной и уверенной. Он одинаково великолепно говорил на русском и на казахском языках. Благодаря его стараниям на казахской земле появились первые светские школы, в которых могли обучаться дети из простых семей.

Ибрай Алтынсарин неустанно обращал свой голос к народным массам, горячо и страстно призывал их идти к свету науки, просвещения, сбрасывать с себя вековую темноту, невежество и косность. «Долг каждого из нас - принести посильную лепту на пользу своей Родине», - не уставал повторять выдающийся педагог и просветитель.

Одним из самых значимых вкладов И.Алтынсарина в национальную культуру является создание алфавита на основе кириллицы, давшее толчок развитию казахской письменности. И. Алтынсарин главным делом своей жизни считал приобщение к образованию широких масс коренного населения. Поэтому он направлял свой талант и знания на создание книг для детей и молодежи, обработку произведений народного фольклора, перевод лучших образцов мировой и русской литературы на казахский язык.

Ибрай Алтынсарин по праву считается родоначальником казахской литературы для детей и юношества. Его стараниями разговорная казахская речь приобрела современные литературные формы. В «Хрестоматии» для казахских школ, созданной И.Алтынсариным, содержатся переводы рассказов Л. Н. Толстого, басен И. А. Крылова и работ К. Ушинского, стихи А. Пушкина и М. Лермонтова, произведения других русских классиков. Он автор первых казахских учебников: «Казахская хрестоматия» (1879; 2 изд., 1906) и «Начальное руководство к обучению казахов русскому языку» (1879).

Buketov University